

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 16 қараша N 1731.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.07. N 1096 қаулысымен. P021096

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 U990235_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереже бекітілсін.
2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 P990206_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 7, 57-құжат) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
16 қарашадағы N 1731
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) ауыл шаруашылығы аясында, сондай-ақ мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, суландыру және кәріз саласында басшылықты, сол сияқты заңдарда көзделген шектерде ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу, астық рыногы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, оған қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді, сондай-ақ мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды салааралық үйлестіруді іске асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 584
қаулысымен. P010584_

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.22. N 1222
қаулысымен. P011222_

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

Егер Министрлікке заңдарға сәйкес өкілеттік берілген болса, онда оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабын білдіруге құқығы бар.

4. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болатын актілер шығарады.

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, қалалар мен

аудандарда мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары болады.

Министрліктің заңды мекен-жайы: Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

7. Министрліктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрғысында мемлекет болып табылады.

Министрлікті құру туралы акті пен осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаттары болып табылады.

8. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Министрлікке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заң актілерінде кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады.

2. Министрліктің функциялары, негізгі міндеттері және құқықтары

9. Министрлік заңдарда белгілеген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы ғылымы саласында мемлекеттің аграрлық және аймақтық саясатын, стратегиялық жоспарларын, басымдықты және өзге де мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге, іске асыруға және үйлестіруге қатысады; <*>

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде және алғашқы өңдеуде тұрақтандыру мен арттыру, ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту жөніндегі шаралардың кешенін және астық рыногын реттеуді жүзеге асырады; <*>

3) ауыл шаруашылығы секторы үшін қаржы-несие және салық саясатын қалыптастыруға қатысады;

4) мемлекетаралық экономикалық байланыстардың басымдықты бағыттарын әзірлеуге қатысады, инвестицияларды ауыл шаруашылығына, мал дәрігерлігі, фитосанитария, мелиорация, суландыру және кәріз, ауыл шаруашылығы

машиналарын жасау, ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу салаларына тартуға және пайдалануға жәрдемдеседі; <*>

5) ауыл шаруашылығы, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, мемлекеттік астық ресурстарын басқару, мелиорация, суландыру және кәріз, ауыл шаруашылығы ғылымы, аймақтық даму, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу және астық қолхаттарының айналымы мәселелері жөнінде заң, өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ астық сапасы мемлекеттік стандарттарының жобаларын әзірлейді; <*>

6) эпизоотияға қарсы іс шараларды, ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестерден, аурулардан қорғау республиканың аумағын жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларының әкелінуінен қорғау жөніндегі іс-шараларды, жануар және өсімдік тегінен шыққан азық-түлікке, шикізатқа мал дәрігерлік-санитарлық және фитосанитарлық сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

6-1) облыстарды, Астана және Алматы қалаларын әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарларын өз құзыреті шегінде келіседі;

6-2) елді мекендердің, жекелеген аймақтардың экономикалық перспективалығын анықтау үшін негізгі өлшемдерді әзірлейді;

6-3) бюджет қаражаты, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар есебінен қаржыландырылатын агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық жобаларға қорытындылар береді;

6-4) ауыл шаруашылығы ғылымы саласындағы мемлекеттік саясатты өз құзыретінің шегінде іске асырады;

6-5) аймақтық саясатты іске асыруда мемлекеттік органдарға көмек көрсетеді;

6-6) мемлекеттің аймақтық саясатын іске асыру бойынша және Министрліктің өз құзыретін іске асыруы жөніндегі өзге де шараларды әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізеді;

6-7) елдің басқа аймақтарынан және елді мекендерінен экономикалық перспективалы аймақтар мен елді мекендерге қоныс аударуы ынталандыруға жататын адамдар санын келіседі;

7) мелиорация, суландыру және кәріз саласында мемлекеттік саясатты, мемлекеттің аймақтық саясатын іске асыруға қатысады;

7-1) ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады; <*>

8) астық, мал дәрігерлігі, фитосанитария және мал тұқымын асылдандыру ісі

туралы заңдардың орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; <*>

9) тракторлардың, өзі жүретін ауыл шаруашылық және мелиоративтік

машиналардың есебі мен техникалық жағдайын тексеруді жүргізеді, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібін белгілейді;

<*>

9-1) доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, доңғалақты тракторлар құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеуді және олардың техникалық жай-күйін тексеруді жүргізеді, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібін белгілейді;

<*>

10) астықтың сапасын, сондай-ақ мемлекеттік азық-түліктік астық резервін қоса алғанда, мемлекеттік астық ресурстарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

<*>

10-1) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқаруды жүзеге асырады;

<*>

10-2) астық рыногының мониторингін жүргізеді;

<*>

10-3) ауыл шаруашылығы техникасының лизингін ұйымдастыру, селекция мен тұқым шаруашылығын, дәнді дақылдарды өсіру және өсімдіктерді қорғау технологиясын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды, ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді әзірлейді әрі іске асыруға қатысады;

<*>

10-4)

<*>

10-5)

<*>

10-6) заңнамалық кесімдерде белгіленген жағдайларда астық қабылдау кәсіпорындарын уақытша басқаруды енгізуге бастама жасайды, оны жүзеге асыруға қатысады және тоқтату туралы шешім қабылдайды;

<*>

10-7) астық қолхаттарының нысанын, оларды беру, олардың айналымы және оларды жою ережесін бекітеді;

<*>

10-8) тұқымдарды сараптау (сертификаттау) және олардың сорттық және себу сапаларын куәландыратын тиісті құжаттар беру тәртібін белгілейді;

<*>

10-9) тұқымдарға сорттық үстеме ақылардың нормаларын белгілейді;

<*>

11) республикалық бюджеттің қаражаты есебінен тауарлар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асырады;

12) ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделейді және оны село тауар өндірушілерінің назарына жеткізеді;

13) өз құзыретінің шегінде агроөнеркәсіп кешені шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бюджеттік несиелерді, үкіметтік және Үкімет кепілдік берген сыртқы заемдарды игеру және қайтару жөніндегі қызметін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады;

14) республикалық бюджеттік әзірлеуге және атқаруға қатысады;

15) республикалық меншіктегі ұйымдарда акциялардың мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестерге иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асырады;

16) заңдарға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен.

P010394_

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 584

қаулысымен.

P010584_

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.22. N 1222

қаулысымен.
P011222_

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.28. N 704
қаулысымен.
P020704_

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.30. N 846
қаулысымен.
P020846_

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

1) ауыл шаруашылығы өндірісінде, астық өндіруде, элиталық тұқым шаруашылығында, мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мелиорация, суландыру және кәріз, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу салаларында, ауыл шаруашылығы ғылымы саласында өзінің құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты әзірлеу және, іске асыру және үйлестіру; <*>

1-1) аймақтық саясатты іске асыруға қатысу; <*>

2) ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) маркетингтік қызметтерді дамытуға және агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға жәрдем көрсету;

4) ауыл шаруашылығы өндірісі, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығы шикізаттары мен өнімдерін алғашқы өңдеу саласымен тікелей айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметіне, реформалауға және заңдарға сәйкес оларды қаржылай сауықтыруға әдістемелік басшылық жасау; <*>

5) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді техникалық және энергетикалық қамтамасыз ету, химияландыру және ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, мелиорация, сервистік қызмет көрсету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

6) жер қатынастарын дамыту, әртүрлі ауыл шаруашылығы ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жетілдіру, жердің құнарлылығын сақтау мен арттыруға және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

7) мал дәрігерлігі, фитосанитария, асыл тұқымды мал шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, мелиорация, суландыру және кәріз саласында, астық сапасына" деген сөздермен ауыстырылып, "және олардың мониторингін жүргізу мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және олардың мониторингін жүргізу; <*>

8) ішкі және сыртқы азық-түлік рыноктарындағы жағдайды зерделеу және оны ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің назарына жеткізу;

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 584 қаулысымен. P010584_

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.22. N 1222 қаулысымен. P011222_

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.28. N 704 қаулысымен. P020704_

11. Министрліктің негізгі міндеттерін іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде атқару үшін міндетті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға;

2) мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;

3) Министрлікке жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпарат сұратуға және алуға;

4) заңдарда белгіленген жағдайларда лицензиялауды және сертификаттар беруді жүзеге асыруға;

4-1) мемлекеттік астық ресурстарын сақтауды қамтамасыз ету

мақсатында мемлекеттік астық ресурстарын сақтаушы астық қабылдау кәсіпорындарынан оны тиіп жөнелтуді келісуге;

<*>

4-2) астық қолхаттарының нысанын бекітуге;

<*>

4-3) элиталық тұқым өндіру және сатумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттауды өткізуге;

<*>

4-4) тұқым шаруашылығында сорттылық және тұқымдық бақылауды жүзеге

асыруға;

<*>

4-5) тұқымға сорт үстемесінің нормаларын белгілеуге;

<*>

5) өз құзыреті мен өкілеттіктерінің шегінде мемлекеттің меншігіндегі мүлікті пайдалануға;

6) суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі мен пайдаланылуына техникалық қадағалауды жүзеге асыруға;

7) мыналарға:

астық туралы, фитосанитарлық қадағалау, мал тұқымдарын асылдандыру ісі, мал дәрігерлігі, өсімдіктерді қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына;

<*>

мал дәрігерлігі дәрі-дәрмектерін шығаруға;

мемлекеттік астық ресурстарын тиеп жөнелту мен тасуға;

<*>

астықтың сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

<*>

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 584 қаулысымен.

P010584_

12. Министрліктің барлық деңгейдегі мемлекеттік инспекторларының бақылау және қадағалау саласындағы өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдері, талаптары және нұсқаулары барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналымдық қаражаттан, сондай-ақ құны Министрліктің балансында көрсетілген өзге де мүліктен тұрады.

14. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке

жатады.

15. Министрліктің бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Министрлікке заңдарда белгіленген жағдайда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің оның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары (вице-министрлері), оның ішінде бір бірінші орынбасары болады. <*>

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.06.28. N 704 қаулысымен. P020704_

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Министр осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарларының және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен Министрліктің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңдарға сәйкес Министрліктің қызметкерлері мен аумақтық органдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлері мен аумақтық органдарының басшыларына тәртіптік жаза қолданады;

4) Министрліктің және оның аумақтық органдарының құрылымын, орталық

аппаратының штат кестесін, Министрліктің заңды тұлға болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

5) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18-1. Бірінші вице-министр Министр болмаған кезде оны ауыстырады, Министрлік құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді, Министр оған жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

<*>

Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.06.28.

N 704 қаулысымен.

P020704_

19. Министрліктің, оның жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады.

Алқаның сандық және жеке құрамын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасынан Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.